




**ІШКІ ТЫНЫШТЫҚ-
ТҰЛҒАНЫҢ ҮЙЛЕСІМДІ
ДАМУЫНЫҢ НӘТИЖЕСІ**



Жоспар

1. Абсолюттік жалпыадамзаттық құндылықтар.
2. Ішкі тыныштықты қайдан табуға болады?
3. Ақылдың табиғаты.
4. Ақыл-парасат (интеллект).
5. Ішкі тыныштыққа жетудің жолдары.



1 **Ақиқат** деп – адамның объективтік өмір шындығын дұрыс, дәл бейнелеуін, оны санаға өмірде қандай болса, сондай күйінде түсіруін айтады.

2.СҮЙІСПЕНШІЛІК-дүниені өзгертуге бейім, өмір беруші және демеуші қуатты энергия.

3. **Дұрыс әрекет**- жүректен шығып, сосын сөз ретінде бейнеленетін және іс-жүзінде қолданылатын құндылық.

4. ІШКІ ТЫНЫШТЫҚ Адам ақиқатты, сүйіспеншілік пен дұрыс әрекет істегенде ғана жан тыныштығын табады.



5.ҚИЯНАТ ЖАСАМАУ

Қиянат жасамау – басқаларға зиян келтірмей өмір сүру.




4. ІШКІ ТЫНЫШТЫҚ

-Жан тыныштығы мен қуаныш бұл біздің ішкі табиғатымыз. Тыныштықты сумен теңестіреді: түбі- тыныштық, беткі жағы- сезім.



Тұлғаның құрылымы



- Адам **ақиқатты** танып, **сүйіспеншілікпен дұрыс әрекет** еткенде, оның жан дүниесінде **ІШКІ ТЫНЫШТЫҚ ОРНАЙДЫ, КӨҢІЛІ ЖАЙЛАНАДЫ**



-Тұлғаның үйлесімді дамуының нәтижесі **бұл жанның ішкі ТЫНТНЫШТЫҒЫ.**





Франсуа де Ларошфуко

Егер тыныштықты өзіңнің ішкі жан дүниеңнен таба алмасаң, оны басқа жерден іздеу еш нәтиже бермейді.



Шәкәрім Құдайбердіұлы


*Жан тыныштық таппайды тән қамын жеп,
Тән бұзылса, тұрағым бұзылар деп,
Ыстық, суық, аштықтан сақтау үшін
Зұлымдық пен айланы қылады сеп...*



▣ **Ақылдың табиғаты**

- **Ақыл толассыз ой, пікірлер, қалаулар мен мазасыздықтардан тұрады. Таза ақыл жалғыз өзі жақсы мен жаманды, дұрыс пен бұрысты ажырата алмайды. Сондықтан ақыл парасатқа бағынуы қажет (интеллект).**
- **Ақылдың міндеті – сезімді қадағалау, егер ақыл сезімге бой алдырса, онда ол сезімнің құлы болады да адамды бақытсыз етеді.**
- **Егер ақыл-ойды жоғары рухани «Мен» ге бұрсақ, онда ол сезімді оңай, дұрыс басқарып, адамды бақытты етеді.**
- **Ақыл – бұл кілт, жүрек – құлпы. Ақылды құлқынның құлына айналдырсаң, онда жүректің «құлпысы» жабылып қалады да біздің өмірімізді, жан дүниемізді мазасыздық билейді.**
- **Ал ақылды рухани дүниеге бұрсаң, жүректің «құлпысы» ашылып, сіздің өміріңіз бен жан дүниеңізде тыныштық орнайды.**




- **Ажырата білу - ішкі ақылдылыққа, даналыққа жол бастайды.**
 - **Ақыл-парасат (интеллект) адамның шынайы, жоғары «Мені» -нің күші.**
 - **Адам ақыл-парасаттың негізінде өзінің шынайы табиғатын таниды, сезінеді.**
 - **Ақыл-парасаттың (интеллект) міндеті – ақылды бақылап, бағыттап отыру.**
 - **Ақыл-парасат (интеллект) жақсы мен жаманды, өтірік пен шындықты, уақытша дүние мен мәңгілікті ажырата білу күшіне ие.**
- 

**ІШКІ ТЫНЫШТЫҚТЫ ЖОҒАЛТУ – АДАМ ҮШІН ЕҢ ҮЛКЕН
АЗАП.**

**ЕШҚАНДАЙ СЫРТҚЫ КҮШТЕР АДАМ ІШКІ ТЫНЫШТЫҒЫН
БҰЗА АЛМАЙДЫ.**

**ТЫНЫШТЫҚТАН АЙРЫЛУ – ТЕК ОНЫҢ ӨЗІНІҢ МАЗАСЫЗ
ОЙЛАРЫ МЕН
ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ ҒАНА НӘТИЖЕСІ.**



- *ақиқатты түсіне
алғанда ғана;*
- *жақсыға ұмтылғанда
ғана;*
- *дұрыс әрекет
жасағанда ғана;*
- *жүрегін
сүйіспеншілікке
толтырғанда ғана*

